

Қазақстан Республикасы  
қаржы нарығын реттеу және  
дамыту Агенттігі

Агентство Республики Казахстан  
по регулированию и  
развитию финансового рынка

БҰЙРЫҚТАН ҮЗІНДІ КӨШІРМЕ

ВЫПИСКА ИЗ ПРИКАЗА

Алматы қаласы

№ 76-і

2022 жылғы 15 маусымдағы

2022 жылғы 16 маусымда мен болмайтын кезеңде Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының міндеттерін атқару Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының бірінші орынбасары Н.А. Абдрахмановқа жүктелсін.

Төраға



М. Әбілқасымова

Үзінді дұрыс

Выписка верна:

ҚР қаржы нарығын реттеу және

дамыту Агенттігінің Адам капиталын дамыту департаментінің бас маманы

Гл. специалист Департамента развития человеческого капитала Агентства РК по регулированию и развитию финансового рынка

А. Ермекбаева

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН РЕТТЕУ ЖӘНЕ  
ДАМУ АГЕНТТІГІ»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК  
МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

«АГЕНТСТВО РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ  
И РАЗВИТИЮ ФИНАНСОВОГО РЫНКА»

А15С9Т5, Алматы қ., Көктем-3, 21-үй  
тел.: +7 727 2619200, факс: +7 727 2440282  
E-mail: [info@finreg.kz](mailto:info@finreg.kz)

А15С9Т5, г. Алматы, Көктем-3, дом 21  
тел.: +7 727 2619200, факс: +7 727 2440282  
E-mail: [info@finreg.kz](mailto:info@finreg.kz)

2022ж. 16.06. № 06-2-03/714

Қазақстан  
Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттары

А.Р. Әбілдаевқа  
Д.К. Әлімбаевқа  
Е.Х. Барлыбаевқа  
Б.С. Дүйсембиновке  
С.С. Ерубаяевқа  
М.Д. Еспаеваға  
А.Қ. Жұмабаеваға  
Қ.Ж. Исаға  
А.Г. Линникке  
Е.Қ. Өмірғалиға  
А.Т. Перуашевқа  
М.Б. Раманқұловқа  
Ғ.Б. Хамзинге

12.05.2022ж. № ДЗ-172 сауалға

**Құрметті депутаттар!**

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және даму агенттігі онлайн-кредиттеуге тыйым салу мәселесі бойынша қосымшаға сәйкес ақпарат жіберіп отыр.

Қосымша \_\_ парақта

**Төрағаның  
міндетін атқарушы**

**Н. Әбдірахманов**

орын.: Малғажина Қ.  
тел.: +7 (727) 237 12 57 (6554)

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (бұдан әрі – Агенттік) «Ақ жол» Қазақстан демократиялық партиясы фракциясы депутаттарының халықтың жөнсіз кредиттелуінің және осы саладағы алаяқтықтың маңызды факторы ретінде онлайн-кредиттеуге тыйым салуды енгізу туралы ұсынысын қарап, төмендегіні атап өтеді.

Қазіргі уақытта **микроқаржылық қызмет туралы заңда** микрокредиттердің **2** түрін беру көзделген: **56%-ға** тең жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінен аспайтын мөлшерлеме бойынша 20 000 айлық есептік көрсеткіштен (61 260 мың теңге) аспайтын мөлшерде; күнтізбелік **45** күнге дейінгі мерзімге **50** айлық есептік көрсеткіштен (153 150 теңге) аспайтын мөлшерде микрокредит кезеңіне белгіленетін **25%-ға** дейінгі мөлшерлеме бойынша. Микрокредиттің екінші түрін негізінен **онлайн кредиттеу компаниялары** жеке тұлғаларға тек тұтынушылық мақсаттарға немесе шұғыл қажеттіліктерге, қамтамасыз етусіз және жеңілдетілген рәсіммен қашықтан қызмет көрсету форматында береді.

Әлемде мұндай микрокредиттер кең таралған және «**PDL – Pay Day Loan**» жалақыға дейінгі қарыздар ретінде белгілі.

Бүгінгі таңда Қазақстанда **246** микроқаржы ұйымы, оның ішінде **онлайн форматта** 50 АЕК-ке дейін микрокредит беруді ғана жүзеге асыратын **25** компания жұмыс істейді. Сонымен қатар, ағымдағы жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша МҚҰ жалпы сомасы 318 млрд теңгеге тұтынушылық кредиттер берді, қарыз алушылар саны **1,2 млн** адамды құрады. Оның ішінде жалпы сомасы **103 млрд** теңгеге 50 АЕК-ке дейінгі микрокредиттер берілді, қарыз алушылардың саны **811 мың** адамды құрады.

50 АЕК-ке дейінгі төлеу мерзімі 90 күннен асқан микрокредиттердің деңгейі **45 млрд** теңгені құрады және мерзімі өткен микрокредиттер бойынша қарыз алушылардың жалпы саны **388 мың** адамды құрады. 50 АЕК-ке дейінгі микрокредиттер бойынша проблемалық берешектің орташа деңгейі **66 мың** теңгені құрады.

Төлемге қабілетсіз қарыз алушыларға микрокредиттер беруді болдырмау, сондай-ақ борыш жүктемесін және халықтың шамадан тыс кредит алуын азайту үшін Агенттік микрокредит беру сегментінде **мынадай реттеу шараларының топтамасын іске асырды**.

**1.** Микрокредиттер бойынша проблемалық берешек көлемін шектеу үшін 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап тұтынушылық микрокредиттерге, оның ішінде онлайн микрокредиттерге қатысты міндеттемелерді орындау **мерзімін өткізіп алуына 90 күн өткеннен кейін комиссиялар мен айыпақыны есептеуге заңнамалық түрде тыйым салынды**.

Бұған қосымша, микрокредит бойынша мерзімі өткен берешектің өсуіне жол бермеу үшін 2022 жылғы 1 шілдеден бастап міндеттемелерді орындау **мерзімі 90 күн өткеннен кейін тұтынушылық микрокредиттер бойынша сыйақы есептеуге тыйым салуды** белгілеу бойынша заңнамалық түзетулер қабылданды.

**2)** Ағымдағы жылы сақтандыру нарығын және бағалы қағаздар нарығын

реттеу мен дамыту, банк қызметі мәселелері бойынша заң жобасы шеңберінде 50 АЕК-ке дейінгі микрокредит бойынша **артық төлемнің шекті мөлшерін 2 есе** – микрокредит сомасының 100%-нан **50%-ға дейін** төмендету көзделген. Осылайша, егер микрокредит **153 150** теңге сомасында берілсе, онда артық төлем **76 575** теңгені құрайды.

**3) 2020 жылдан бастап Агенттік МҚҰ-ның борыш жүктемесінің коэффициентін** (бұдан әрі – БЖК) міндетті есептеу жөніндегі талапты енгізді, оған сәйкес қарыз алушының барлық кредиттері бойынша ай сайынғы төлемдері оның ай сайынғы кірістерінің **50%-ынан** аспауға тиіс.

2022 жылғы ақпанда борыш жүктемесінің нормативтік мәндерін сақтау бойынша МҚҰ-ның жауапкершілігін арттыру үшін БЖК **пруденциялық нормативтер** және сақталуға міндетті нормалар мен лимиттер **тізбесіне** енгізілді. Бұл ретте әрбір қарыз алушының БЖК-сі туралы ақпаратты МҚҰ кредиттік бюроға беретін болады, бұл жедел мониторингтеуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

2022 жылғы ақпанда Агенттік **БЖК-ны есептеуге қойылатын талаптарды күшейтті**. Мәселен, БЖК есептеу кезінде пайдаланылатын қарыз алушының кірістерін айқындаудың **18** өлшемшартынан қарыз алушыда тұрақты кірістердің болуын сенімді растау болып табылмайтын **6 өлшемшарт** алып тасталды, бұл жаңа тұтынушылық онлайн микрокредиттер беру өсу қарқынын айтарлықтай тежеуге мүмкіндік береді.

**4) 2021 жылғы 1 қазаннан бастап** халыққа берілген микрокредиттер бойынша **мерзімі өткен берешекті МҚҰ-ның сотқа дейінгі бірыңғай реттеу тәртібі** қолданысқа енгізілді. Проблемалық тұтынушылық микрокредиттердің деңгейін төмендету үшін 2022 жылғы наурызда Агенттік **20** ірі МҚҰ бойынша жеке тұлғалардың проблемалық берешегін қысқарту бойынша жеке жоспарларды бекітті, оларға микрокредиттер бойынша проблемалық қарыз алушылардың **84%-ы** тиесілі.

МҚҰ жеке жоспарларының шеңберінде 2022-2023 жылдар ішінде **14** млрд теңгеге жуық сомаға **350 мың** қарыз алушының проблемалық берешектерін реттеу жоспарлануда, оның ішінде микрокредиттер бойынша берешек толық көлемде/ішінара есептен шығарылады, қарыз алушыларды қайта құрылымдау рәсімдері жүргізілетін болады.

**5) Алаяқтықтың** алдын алу және **жалған микрокредиттерді ресімдеудің** алдын алу үшін 2021 жылдың басында Агенттік Ұлттық Банктің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығының (бұдан әрі – ҚБЕО) Сәйкестендіру деректерімен алмасу орталығы арқылы қарыз алушыны міндетті биометриялық идентификаттауды не екі факторлы идентификаттауды енгізу жолымен микрокредиттер беруге қойылатын талаптарды күшейтті.

Бүгінгі күнге **биометрияны тексеру үшін** ҚБЕО-ның сервисіне онлайн режимінде 50 АЕК-ке дейінгі микрокредиттер беруді жүзеге асыратын МҚҰ-ның **100%-ы** қосылған. Жоғарыда көрсетілген шаралар қабылданғаннан кейін азаматтардың жалған микрокредиттерді ресімдеуге шағымдарының саны айтарлықтай азайды. Мәселен, егер 2021 жылғы 4 айда МҚҰ **60** млн теңге

сомаға жалған микрокредиттер берудің **611** жағдайын анықтаса, ал ағымдағы жылғы 4 айда жалған микрокредиттер беру жағдайларының саны сомасы **4 млн** теңгеге **71** жағдайға дейін **5,5** есеге азайды.

**б) Сақтандыру нарығын және бағалы қағаздар нарығын реттеу және дамыту, банк қызметі мәселелері жөніндегі заң жобасы шеңберінде банктер мен МҚҰ-ның берілген қарыздар туралы ақпаратты кредиттік бюроға ұсыну мерзімдерін **15 жұмыс күнінен 1 жұмыс күніне дейін** қысқарту көзделген.**

Қабылданған реттеушілік шаралар сектордағы реттеу мен қадағалауды қатаңдатуға және тұтынушылық микрокредит беру сегментіндегі тәуекелдерді шектеуге мүмкіндік берді.

Қазіргі уақытта МҚҰ және Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығымен бірлесіп, микрокредиттер бойынша сыйақының шекті мөлшерлемесін 50 АЕК-ке дейін одан әрі төмендету қарастырылуда.

Бүгінгі таңда көптеген экономикалық дамыған елдерде (АҚШ, Ұлыбритания, Испания, Польша, Нидерланд, Ирландия, Австралия) және дамушы елдерде (Чехия, Филиппиндер, Үндістан, Венгрия, Мексика, Болгария, Румыния, ОАР, Словакия) тұтынушылық онлайн микрокредиттеу сегменті бар.

Кредиттеудің осы түріне заңнамалық тыйым салуды енгізу жұмыс істеп тұрған барлық **25** онлайн микрокредиттеу компаниясының жабылуына және онлайн микрокредиттер беру бойынша көлеңкелі сектордың қалыптасуына әкелуі мүмкін.

Негізгі борыштың 50%-на дейін артық төлеуді төмендетуді қоса алғанда, микрокредит сегментін, БЖК-ны есептеу мен сақтауды, сыйақы мөлшерлемесін төмендетуді реттеуді және микрокредит бойынша проблемалық берешекті реттеу рәсімін енгізуді қатаңдату бойынша қабылданған заңнамалық және реттеушілік шараларды ескере отырып, Агенттік қарыз алушыларда проблемалық берешектің өсуіне жол бермеу бойынша қосымша шаралар қабылдау үшін жағдайды тұрақты мониторингтеуді және халықтың шамадан тыс кредиттелуін бағалауды жалғастыратын болады.

Осыған байланысты, онлайн микрокредит беруге тыйым салу туралы мәселені микроқаржыландыру нарығы субъектілері мүдделерінің теңгерімін қамтамасыз етуді және қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғауды ескере отырып қараған жөн.

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН РЕТТЕУ ЖӘНЕ  
ДАМУ АГЕНТТІГІ»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК  
МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

«АГЕНТСТВО РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ  
И РАЗВИТИЮ ФИНАНСОВОГО РЫНКА»

А15С9Т5, Алматы қ., Көктем-3, 21-үй  
тел.: +7 727 2619200, факс: +7 727 2440282  
E-mail: [info@finreg.kz](mailto:info@finreg.kz)

А15С9Т5, г. Алматы, Көктем-3, дом 21  
тел.: +7 727 2619200, факс: +7 727 2440282  
E-mail: [info@finreg.kz](mailto:info@finreg.kz)

16.06.2022г. № 06-2-03/714

Депутатам  
Мажилиса Парламента  
Республики Казахстан

Абильдаеву А.Р.  
Алимбаеву Д.К.  
Барлыбаеву Е.Х.  
Дюсембинову Б.С.  
Ерубаяеву С.С.  
Еспаевой М.Д.  
Жумабаевой А.К.  
Иса К.Б.  
Линник А.Г.  
Өмірғали Е.Қ.  
Перуашеву А.Т.  
Раманкулову М.Б.  
Хамзину Г.Б.

На № ДЗ-172 от 12.05.2022г.

**Уважаемые депутаты!**

Агентство Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка по вопросу запрета онлайн-кредитования направляет информацию согласно приложению.

Приложение на \_\_ листах

**И.о. Председателя**

**Н. Абдрахманов**

исп.: Малгажина К.  
тел.: +7 (727) 237 12 57 (6554)

Агентство Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка (далее – Агентство), рассмотрев предложение депутатов Фракции Демократической партии Казахстана «Ақ жол» о введении запрета на онлайн-кредитование, как важного фактора неадекватной закредитованности населения и мошенничества в этой сфере, отмечает следующее.

В настоящее время **законом о микрофинансовой деятельности** предусматривается выдача **2** видов микрокредитов: в размере, не превышающем 20 000 месячного расчетного показателя (61 260 тыс. тенге) по ставке не более годовой эффективной ставки вознаграждения равной **56%**; в размере не более **50** месячного расчетного показателя (153 150 тенге) на срок до **45** календарных дней по ставке до **25%**, устанавливаемых на период микрокредита. Второй вид микрокредита в основном предоставляется **компаниями онлайн кредитования** физическим лицам исключительно на потребительские цели или неотложные нужды, без обеспечения в дистанционном формате.

В мире такие короткие микрокредиты известны как займы до зарплаты «**PDL – Pay Day Loan**».

На сегодня в Казахстане действуют **246** микрофинансовых организаций, в том числе **25** компаний, осуществляющих исключительно выдачу микрокредитов до 50 МРП в **онлайн формате**. По состоянию на **1 апреля** т.г. компаниями онлайн кредитования выдано микрокредитов до 50 МРП на общую сумму **103 млрд.** тенге, количество заемщиков составило **811 тыс.** человек.

Уровень просроченной задолженности более 90 дней по микрокредитам до 50 МРП в компаниях онлайн микрокредитования составил **45 млрд.** тенге, и общее количество заемщиков по таким просроченным микрокредитам составило **388 тыс.** человек. Средний уровень проблемной задолженности по микрокредитам до 50 МРП составил **66 тыс.** тенге.

Для недопущения выдачи микрокредитов неплатежеспособным заемщикам, а также снижения долговой нагрузки и закредитованности населения в сегменте микрокредитования Агентством **реализован следующий пакет регуляторных мер.**

1) Для ограничения объема проблемной задолженности по микрокредитам с 1 января 2022 года в отношении потребительских микрокредитов, в том числе онлайн микрокредитов, законодательно был установлен **запрет на начисление комиссий и неустойки по истечении 90 дней просрочки** исполнения обязательства.

Дополнительно, для недопущения роста просроченной задолженности по микрокредиту приняты законодательные поправки по установлению с 1 июля 2022 года **запрета на начисление вознаграждения по потребительским микрокредитам по истечении 90 дней просрочки** исполнения обязательства.

2) В текущем году в рамках законопроекта по вопросам регулирования и развития страхового рынка и рынка ценных бумаг, банковской деятельности предусмотрено снижение **предельного размера переплаты** по микрокредиту до 50 МРП в **2 раза** – со 100% до **50%** от суммы микрокредита. Таким образом, если микрокредит выдан на сумму **153 150** тенге, то **переплата** по вознаграждению за основной период и с учетом пролонгаций, а также начисленных пени (штрафов) по причине просрочек максимально составит **76 575** тенге.

3) С 2020 года Агентством введено требование по обязательному расчету МФО **коэффициента долговой нагрузки** (далее – КДН), согласно которому ежемесячные платежи по всем кредитам заемщика не должны превышать **50%** от его ежемесячных доходов.

В феврале 2022 года для повышения ответственности МФО по соблюдению нормативных значений долговой нагрузки, КДН был включен в **перечень пруденциальных нормативов** и обязательных к соблюдению норм, и лимитов. При этом информация о КДН каждого заемщика будет передаваться МФО в кредитное бюро, что позволит осуществлять оперативный мониторинг.

В феврале 2022 года для недопущения выдачи кредитов неплатежеспособным лицам Агентством были **ужесточены требования к расчету КДН**. Так, из **18** критериев определения доходов заемщика, используемых при расчете КДН, были исключены **6 критериев**, не являющихся достоверным подтверждением наличия у заемщика регулярных доходов, что позволит существенно охладить темп роста выдачи новых потребительских онлайн микрокредитов.

4) С 1 октября 2021 года введен в действие **единый досудебный порядок урегулирования МФО просроченной задолженности** по выданным микрокредитам населению. Для снижения уровня проблемных потребительских микрокредитов в марте 2022 года Агентством были утверждены **индивидуальные планы по сокращению проблемной задолженности физических лиц** по крупным МФО.

В рамках индивидуальных планов на 2022-2023 гг. МФО планируется урегулировать проблемные долги **150 тыс.** заемщиков на сумму около **6 млрд.** тенге, в том числе путем реструктуризации, погашения и частичного списания.

5) Для предотвращения **мошенничества и оформления фиктивных микрокредитов** в начале 2021 года Агентством были ужесточены требования к выдаче микрокредитов путем введения обязательной биометрической идентификации, либо двухфакторной идентификации заемщика через Центр обмена идентификационными данными Казахстанского центра межбанковских расчетов Национального Банка (далее – КЦМР) или электронную цифровую подпись.

На сегодня для **проверки биометрии** к сервису КЦМР подключены **100%** МФО, осуществляющие выдачу микрокредитов до 50 МРП в режиме онлайн. После принятия вышеуказанных мер количество жалоб граждан на фиктивные микрокредиты значительно уменьшилось. Так, если за 4 месяца



2021 года МФО было выявлено **611** случаев выдачи фиктивных микрокредитов на сумму **60 млн. тенге**, то за 4 месяца т.г. количество случаев выдачи фиктивных микрокредитов снизилось в **5,5** раза до **71** случаев на сумму **4 млн. тенге**.

В рамках законопроекта по вопросам регулирования и развития страхового рынка и рынка ценных бумаг, банковской деятельности предусмотрено сокращение сроков передачи банками и МФО информации о выданных займах в кредитное бюро с **15 рабочих дней до 1 рабочего дня** для недопущения мошенничества с микрокредитами.

Принятые регуляторные меры позволили ужесточить регулирование и надзор в секторе и ограничить риски в сегменте потребительского микрокредитования.

В настоящее время совместно с МФО и Ассоциацией финансистов Казахстана рассматривается дальнейшее снижение предельной ставки вознаграждения по микрокредитам до 50 МРП.

На сегодня во многих экономически развитых (США, Великобритания, Испания, Польша, Нидерланды, Ирландия, Австралия) и развивающихся странах (Чехия, Филиппины, Индия, Венгрия, Мексика, Болгария, Румыния, ЮАР, Словакия) существует сегмент потребительского онлайн микрокредитования.

Введение законодательного запрета на данный вид кредитования может привести к закрытию всех действующих компаний онлайн микрокредитования и формированию теневого сектора по выдаче онлайн микрокредитов.

С учетом уже принятых законодательных и регуляторных мер по ужесточению регулирования сегмента микрокредитования, включая снижение переплаты до 50% от основного долга, расчета и соблюдения КДН, снижения ставки вознаграждения и введения процедуры урегулирования проблемной задолженности по микрокредитам, Агентством будет продолжен постоянный мониторинг ситуации и оценка закредитованности населения.

В этой связи, вопрос о запрете онлайн микрокредитования следует рассматривать с учетом обеспечения баланса интересов субъектов рынка микрофинансирования и защиты прав потребителей финансовых услуг.